



ҚАЗАҚСТАН ТАРМАХЫ
ҮБ-ҒА ДАМУ ХАТМІ



*



*



Сабақ мақсаты:

-Қазақстандағы XIX ғ. бірінші жартысындағы патшалық Ресейдің отарлау саясаты;

-Қазақстандағы хандық биліктің жойылуының себептері, «Сібір қырғыздары туралы Ереже», «Орынбор қырғыздары жөніндегі Ереже» (Орта және Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы);

Қазақстандағы әкімшілік-территориялық басқару, әкімшілік басқару мен территориялық бөліністің жалпы сипаттамасы, ішкі және сыртқы округтардың құрылуы, салық жүйесінің құрылуы, сот реформасы;

- «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан» (12 сағат):

Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформалар, Қазақстанда реформа жүргізудің себептері, дала комиссиясы (1865-1867жж.);

1867-1868 жылдардағы «Басқару туралы уақытша ережелер», облыс, уезд, болыс және ауылдардағы әкімшілік басқарудағы өзгерістер;

-1860-1870 жылдардағы азаттық күрес, Торғай және Орал облыстарындағы көтерілістердің себептері мен барысы, Маңғыстаудағы көтеріліс, патшаның жазалаушы әскерлерінің азаттық күрестің негізгі ошақтарын басуы, көтеріліс қорытындылары мен маңызы;

XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы әкімшілік-территориялық реформалар, 1886 -1891 жылдардағы «Басқару туралы ережелер...», Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтары, реформалардың мазмұны мен салдарын

түсіну,анықтау,салыстыру,сипаттау.



Ғасырдағы Қазақстан



1. Сібір қазақтары туралы Жарғы.

Мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ елінің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дамуында 1822 жылы қабылданған Сібір қазақтарының Жарғысы елеулі рөл атқарды. Бұл реформаның тарихи алғышарттары Қазақстандағы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында қалыптасқан әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты. Қазақтардың 1773-1775 жылдары Пугачев басқарған шаруалар соғысына қатысуы, батыр Сырым Датұлының көтерілісі Қазақстандағы хандық билеу жүйесінің әлсірей бастағанын көрсетті. Халық арасында ықпалы кеміген қазақ хандары патша өкіметінің билеп-төстеу саясатына ойдағыдай қарсылық ұйымдастыра алмады. 1781 жылы Орта жүз ханы Абылайдың дүние салуына байланысты таққа отырғызылған оның үлкен ұлы Уәлидің қатыгездігі халықтың наразылығын туғызды. 1815 жылы патша үкіметі оған қосарлап екінші ханды - Бөкейді тағайындады. 1817 жылы Бөкей, 1819 жылы Уәли қайтыс болғаннан кейін Орта жүзге хан тағайындалмады. Бұл жағдай Орта жүздегі билеу жүйесінің жаңа тәртібін қажет етті. Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанскийдің декабристермен жасырын байланыста болған Г. С. Батеньковтың мәлімет-кеңестеріне сүйене отырып дайындалған "Жарғының" басты мақсаты -Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірін әкімшілік, сот, саяси жағынан басқаруды өзгерту, рулық-феодалдық тәртіпті әлсірету еді. Орта жүз әкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінді. Ауыл - 50-70 шаңырақтан, болыс - 10-12 ауылдан, округ - 15-20 болыстан құралды.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Тобыл, Том және Омбы облыстарымен бірге Сібір қазақтарының облысы да кірді. Орталығы Тобыл, ал 1839 жылы Омбы болды. Жарғы бойынша батыс шекарасы Орынбор даласына, оңтүстігі Шу өзеніне дейін созылған Сібір қазақтарының округі сыртқы және ішкі округтерге жіктелді. Бұлар - Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Баянауыл (1826 ж.), Аякөз (1831 ж.), Ақмола (1832 ж.), Үшбұлақ (1833 ж.), Аманқарағай (1834 ж.), кейінгі 40-50-жылдарда құрылған Көкпекті, Құсмұрын, Алатау округтері еді. Округтер Омбы облыстық басқармасына бағынды, оларды басқару округтік приказдарға жүктелді. Сөз жүзінде округті билеу аға сұлтанның қолына берілсе де, патша өкіметінің іс шешуде көпшілік пікір алысу жүйесін енгізуі, сол аға сұлтандардың рөлін әлсіретіп, оларды сырттай бақылап отыруға мүмкіндік жасады. Аға сұлтанды тек сұлтандар ғана сайлады, оларға ресейлік майор әскери шені, ал он жылдан кейін дворяндық атақ берілді. Аға сұлтанды хан сияқты ақ киізбен көтеретін. Біртіндеп аға сұлтан бар болғаны Омбы облыстық басқармасының сойылын соғушы отаршылдық биліктің тірегіне айналды. Аға сұлтандар үш жылға сайланды. Болыс сайлау мерзімі өмірлік болды. Болыстық билік мұрагерлікпен берілді. Егер болыс сұлтанның мұрагері болмаса, оның орнын інісі немесе облыстық басқарма бекіткен туысы басатын. Болыстық сұлтандар Ресейдің әкімшілік сатысы бойынша 12-класқа жататын шенеуніктерге теңелді.

Ауыл старшындары да аға сұлтан секілді үш жыл сайын сайланатын. Болыстық сұлтандарға бағындырылған болыстық старшындар құқықтары жөнінен Ресейдегі селолық старосталармен теңестірілді.

"Жарғы" бойынша сот істері үшке бөлінді: қылмыстық істер, талап ету, болыстық басқармаға шағым айту. Қылмыстық істер империя заңдары негізінде округтік приказда каралды. Істі алдын ала тексеруге қазақ биімен қатар бір орыс шенеунігі қатыстырылды. Қазақтардың талап етуі бойынша қаралатын істер жергілікті ескі заң бойынша шешілетін. Округтік приказ шешімдерді қайта қарауға құқылы болды.

Кейін Сібір қазақтарын билеу Шекаралық басқармаға жүктелді. Оның төрағасын тағайындау үшін арнайы жарлық шығарылатын. Шекаралық басқарма Батыс Сібір губернаторына бағындырылды, оның төрағасы шетелдермен келіссөз жүргізу құқығына ие болды. Жалпы алғанда, 1822 жылғы "Жарғы" Қазақстанның бай өлкесін шаруашылық жағынан игеруге қолайлы алғышарт жасады; екіншіден, патшалы Ресейдің отаршыл саясатын кеңейте түсуге жол ашқаны тез арада байқалып қалды

Білім ланд\конспект\

**II бөлім. 19 ғасырдың бірінші жартысындағы
Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және
саяси жағдайы.**

Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы

§14-15. Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы.

*Әкімшілік – аумақтық басқарудың жаңа жүйесін
енгізу \8 сынып Атамұра-2016ж.*

“Балық қаңқасы”



себебі



дәлел

ҚОРЫТЫНДЫ

Жылдары 1822 жылы 1824 жылы



I АЛЕКСАНДР

Ереженің атауы	1822 жылғы «Сібір қырғыздарының жарғысы»			1824 жылғы «Орынбор қырғыздарының жарғысы»	
Басқарушысы	Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский			Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссен	
Мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Солтүстік-шығыс өңірдегі әкімшілік, сот, саяси басқаруды өзгерту • Рулық-феодалдық тәртіптерді әлсірету • Орта жүздегі хандық билікті жою 			<ul style="list-style-type: none"> • Кіші жүзде хандық билікті жою 	
Сатылары	Үш сатылы басқару				
Өзгерістері	1. Округ	аға сұлтан (үш жылға сайланды)	15–20 болыс	1. Бөліктер (Батыс, Орта, Шығыс)	сұлтан- правительдер
	2. Болыс	болыс сұлтаны (мұрагерлікпен берілді)	10–12 ауыл	2. Дистанция (54)	ру шонжарлары
	3. Ауыл	ауыл старшыны (үш жылға сайланды)	50–70 шаңырақ	3. Ауыл	ауыл старшыны
Нәтижесі	<ul style="list-style-type: none"> • Рулық қақтығыстарға соққы берілді • Өлкені шаруашылық жағынан игеруге қолайлы алғышарт жасалды • Отарлық саясаттың кеңейе түсуіне жол ашылды 			<ul style="list-style-type: none"> • Бөкей Ордасында хандық билік 1845 жылға дейін сақталды • Отарлық басқару нығайтылды • Табиғат байлықтарын кеңінен игеруге мүмкіндік туды 	

БІЛІМ ЛАНДҚОНСПЕКТ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

-II БӨЛІМ. 19 ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАНДЫҚ БИЛІКТІҢ ЖОЙЫЛУЫ

Көпестерге қарулы топ ұстауға рұқсат қай жылы берілді?

Қазақстанның батысындағы ірі сауда орталығы:

1781-1819 жылдары хан болған Орта жүз билеушісі:

1822 жылғы «Сібір қырғыздарының Жарғысының» авторы:

1822 жылғы “Жарғының” басты мақсаты:

1822 жылғы “Жарғыға” сәйкес Орта жүздегі әкімшілік-басқару қанша сатыға бөлінді?

1822 жылғы Жарғы бойынша округтер қайда бағындырылды?

Сібір қазақтарының округінің аумағы:

Көкшетау округі құрылды:

Аға сұлтанды кім сайлады?

1822 жылғы Жарғы бойынша мұрагерлікпен берілетін билік:

1822 жылғы Жарғы бойынша қылмыстық істер қайда қаралды?

Шетелдермен келіссөз жүргізуге кім құқылы болды?

Орта жүзде хандық билік қай жылы жойылды?

«Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі Жарғысын» кім дайындады?

Кіші жүздің соңғы ханы:

Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшіліктің жаңа салалары қалыптасқан кез:

Бөкей Ордасы қай жылы құрылды?

«Сібір қазақтарының жарғысына» сәйкес Орта жүздегі билік қандай әкімшілік бөлікке бөлінді?

«Үш шапалақ»



Білім ланд

V бөлім.

19 ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік – экономикалық жағдайы. 1867-1868 жылдардағы Қазақстандағы реформалар.

§34-35. XIX ғасырдың 60 жылдарындағы әкімшілік реформалар.\ 8 сынып Атамұра-2016ж

“Балық қаңқасы”




себебі



дәлел

ҚОРЫТЫНДЫ

Қыпшақта қатар орнама жүргізу қажет болды



*II Александр патша:
1867 жылы II шілдеде- “Сырдария мен Жетісу
облыстарын басқару туралы” Ережені бекітті*

A historical map of the Dala General-Governorship in 1868. The map shows the region in green and yellow, with the Caspian Sea to the west and the Aral Sea to the south. The title 'Дала генерал-губернаторлығы' is centered over the green area. A white box with blue text is overlaid on the map, providing historical context. The map also shows various rivers and administrative boundaries.

Дала генерал-губернаторлығы

II Александр патша:

1868 жылы 21 қазанда- “Орынбор мен Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы Дала облыстарын басқару туралы уақытша Ережені” бекітті.

1867-1868 жылдардағы реформа

Ішкі істер министрлігі кеңесінің мүшесі Гирс

- Қазақ өлкесін басқару ісін өзгерту
- Еуропалық басқару мен сот жүйесін енгізу

Бес сатылы басқару
(ауыл, болыс, уез, облыс, генерал-губернаторлық)

1. Түркістан генерал-губернаторлығы
(орталығы – Ташкент)

2. Батыс Сібір генерал-губернаторлығы
(орталығы – Омбы)

3. Орынбор генерал-губернаторлығы
(орталығы – Орынбор)
1872 жылдан Бөкей Ордасы Астрахань генерал-губернаторлығына, 1870 жылдан Маңғыстау жасауылдығы Кавказ әскери округіне, кейін Закаспий облысына бағындырылды

- Қазақ жері Ресей үкіметінің меншігі деп жарияланды
- Орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру басталды



Бес сатылы басқару
(ауыл, болыс, уез, облыс, генерал-губернаторлық)



1867 – 1868 ЖЫЛ.

Әкімшілік – аумақтық бөлініс



II Александр



6 - ОБЛЫС

*

1867-1868 жылдардағы реформа бойынша Қазақ жерлерінің біріктірілуі



Орынбор генерал - губернаторлығы	Түркістан генерал - губернаторлығы	Батыс – Сібір генерал - губернаторлығы
-----------------------------------------	-------------------------------------------	-----------------------------------------------

Орал облысы	Торғай облысы	Жетісу облысы	Сырдария облысы	Ақмола облысы	Семей облысы
1.Орал 2.Атырау 3.Калмыков 4.Жем (Темір)	1.Елек 2.Қостанай 3.Ырғыз 4.Торғай	1. Сергиополь 2.Қапал 3.Верный 4.Ыстықкөл	1.Қазалы 2.Петровск 3.Түркістан 4.Шымкент 5.Әулиеата 6.Ташкент 7.Ходжент 8.Жизақ	1.Көкшетау 2.Омбы 3.Петропавл	1.Баянауыл 2.Зайсан 3.Көкпекті 4.Павлодар 5.Өскемен

БІЛІМ ЛАНД КОНСПЕКТ БОЙЫНША

“ӨЗ АРА СҰРАҚ”

- Ереже бойынша уездер неге бөлінді?
- Қоладан құйылған белгі мен мөр кімдерге тапсырылды?
- Қазылар соты сақталған аймақ:
- Билер мен қазылар сотын кім бекітті?
- Таптық жіктелу салдарынан қалыптаса бастаған жаңа тап өкілдері:
- Әскери губернаторлар нені басқарды?
- 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша уезд бастықтарын кім тағайындады?
- Орынбор генерал-губернаторлығына біріктірілген облыстар:
1867-1868 жылдардағы қазақ жеріндегі генерал-губернаторлықтар:
- “Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже” бекітілген мерзім:
- Өзін-өзі басқару негізінде қайта құруды талап етті:
- Батыс облысының орталығы:
- Кәстек бекінісі қай жылы салынған:
- «Далалық комиссия» қай жылы құрылды:
- Қай жылғы реформаға сәйкес басқарудың ең төменгі екі сатысындағы болыстар мен ауылнайлар жергілікті ақсүйектерден іріктеліп сайланды:

**1867-1868 жж. Уақытша ереже бойынша
Қазақ жеріндегі басқару жүйесін
көрсетілген кесте бойынша толтырыңыз.**

```
graph TD; A[ ] --> B[ ]; B --> C[ ]; C --> D[ ]; D --> E[ ]
```

«Үш шапалақ»



“БАЛЫҚ ҚАҢҚАСЫ”

19 ғасырдың басында қабылданған реформалар бүгінгі күнге дейін

Себебі: қазақ шаруаларының көтерілісі
әсер етті



Дәлел:
Орал, Торғай және
Маңғыстаудағы
көтерілістер.

Қорытынды
реформа
20 жылға созылды

1.1868-1869 жж. Орал, Торғай облыстарындағы отарлық езгіге қарсы азаттық күрестер.

Әкімшілік-басқару реформалары жекелеген маңызына қарамастан, қазақ даласында отаршылдық езгіні тереңдетті. Жаңа бекіністер салуға көшпелі шаруалардың жерлері тартып алынды, салықтар көбейіп, патша шенеуніктері мен отаршылдық басқару қызметіне көшкен феодалдық топтар қысымы бұқараның онсыз да ауыр жағдайын шиеленістірді. Өсімқорлық саудамен айналыса бастаған ақсүйектер күнкөрісінің барысы еңбекшілерге әкімшілік басқару жағынан қысымды үдетті. Мал-жайымен көшпелі өмір сүрген кедейлерге "Уақытша Ереженің" жерді пайдаланудағы жаңа қағидалары тіпті қолайсыз еді. Қазақ даласы бойынша барлығына міндетті (әрине, ауқаттыларды қоспағанда) шаңырақ салығы енгізілді. 1 сомнан 3 сомға дейін өсірілген бұл салық әсіресе әлеуметтік қорғансыз жандарға тіпті ауыр еді. Земство салығын қосқанда 3 сом 50 тиынға көтерілген салық қазақ шаруаларының басым көпшілігін ауыр жағдайға душар етті. Патша үкіметінің осы салықты бай мен кедейге бірдей дәрежеде төлетуге шешім қабылдағанын ескерсек, шаруалар халінің қиын болғанына көз жеткізу қиын емес.

Жерді патша үкіметінің мемлекеттік меншігі деп жариялап, оны аумақтық негізде пайдалану ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділердің көзқарасына жат болды. Қыстау мен жаздық қоныстардың әр түрлі әкімшілік-аумақтық басқару органдары қарамағында қалуы рулар арасын шиеленістірді. Патша үкіметі отарлық саясатының осындай және басқа ауыртпалықтары 1868-1869 жылдары Орал мен Торғай облыстарын қамтыған қазақ шаруалары күресінің тұтануына себепші болды.

1868 жылдың желтоқсан айы мен 1869 жылдың қазан айы аралығындағы Орал мен Торғай өңіріндегі көтерілістер отаршылдыққа қарсы бағытталды. Айта кететін бір жайт, бұл халық қозғалысын басқарғандар ежелгі жеңілдіктерінен айырылған ру басылары еді. Олардың басым көпшілігі халықтың ашу-ызасын өз мүдделеріне ұтымды пайдаланды. Қаруланған қазақ шаруалары патша үкіметінің отарлық саясатына, әлеуметтік қысымына қарсы бас көтерді. Әлсіз ұйымдасқан жасақтар патшаның жазалаушы бөлімдеріне тайынбай қарсы шықты. Мысалы, 1869 жылы мамырдың 6-сы күні Орынбор шебінен жіберілген, фон Штемпель басқарған 200 атты және бір рота жаяу әскерден тұратын топқа Ойыл өзенінен 20 шақырым жердегі Жамансай көлі маңында көтерілісшілердің 20 мың әскермен шабуыл жасады. Жеті күн бойы шаруа жасақтары қоршауында қалған жазалаушылардың жағдайы қиындап азық-түлігі және жем-шөбі таусылған олар әскери шепке қайтып кетуге мәжбүр болады.

\жалғасы

Бұл көтерілістің сонымен қатар антифеодалдық сипаты да бар. 1869 жылдың наурыз, маусым айларында көтерілісшілер феодалдық топтарға қарсы 41 рет шабуыл жасады, оған жалпы саны 3 мың көтерілісші қатысты.

Торғай және Орал облыстарындағы бұқаралық сипат алған көтеріліс жергілікті отаршыл басқару жүйесін және Петербург сарайын шошындырады.

Орал облысындағы азаттық күресті жаншуға бірқатар ірі әскери күш жіберілді. Подполковник Рукин, граф Комаровский және генерал-губернатор Н.А.Веревкин бастаған мұздай қаруланған жазалаушылар қазақ ауылдарын оқтың астына алып, қолға түскендерді аяусыз жазалады. Көтерілістің жеке құрамаларына басшылық еткен сұлтан Ханғали Арсланұлы, билер Дәуіт Асауұлы, Мұңайтпасұлы, молдалар Рысқұлұлы, Досұлы, т.б. солқылдақтықтың салдарынан шаруалардың үмітін ақтамады. Нашар қаруланған, араларында ауызбірлік болмаған, түпкі мақсаттарын жете түсінбеген Орал, Торғай шаруаларының қозғалысы жеңіліске ұшырады.

Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер



“Оқиға желісі” әдісі

Оқиғаның басталуы;
Даму кезеңі;
Шарықтау шегі;
Шешімі, қорытынды;




Маңғыстаудағы көтеріліс



“Оқиға желісі” әдісі

Оқиғаның басталуы;
Даму кезеңі;
Шарықтау шегі;
Шешімі, қорытынды;



1860-1870 жылдарындағы қазақ халқының отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестері болған аумақтарды карта бойынша белгілеңіз және маңызын түсіндіріңіз.



БІЛІМ ЛАНД КОНСПЕКТ БОЙЫНША

“ӨЗ АРА СҰРАҚ”

- Қай жылы шаруалар мен жалдамалы жұмысшылар Александровский фортына шабуыл жасады?
- Маңғыстау көтерілісінің басты ерекшелігі:
- И.Тіленбайұлы, Д.Тәжіұлы, И. Көлұлы бастаған көтерілісшілер жазалаушылардан ығысып қайда қашты?
- Маңғыстаудағы көтеріліс қашан талқандалды?
- Маңғыстаудағы көтерілісшілер тобына кімдер қосылды?
- Бозащы түбегінде Рукин тобын талқандаған көтерілісші саны:
- Маңғыстаудағы шаруалар көтерілісі қай жылы болды?
- Орал мен Торғай облыстарындағы көтерілісте көтерілісшілер феодалдық топқа қарсы қанша шабуыл жасады шабуылдады?
- Жамансай көлі маңындағы ұрыстың нәтижесі:
- 1868-1869 жылдар аралығында болған көтеріліс:
- Қай жылы желтоқсанда Жанқожа батыр бастаған көтерілісшілер Қазалы бекінісін қоршап алды:
- Қай жылы Досан Тәжіұлы, Иса Тіленбайұлы Бозащыда -- Маңғыстау көтерілісі кезінде қарулы қол жинады:

1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша қазақ жерінде құрылған генерал-губернаторлықтар мен олардың құрамына кірген облыстарды карта бойынша белгілеңіз және бұл реформалардың зардаптарын анықтаңыз.



1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша бұл реформалардың зардаптарын анықтаңыз.

1867-1868жж. ережелер бойынша бүкіл қазақ жерін қамтитын реформалар(аумақтық, басқару, сот, салық) арқылы қазақ халқын саяси тәуелсіздіктен толық айырып, отарға айналдырды. Қазақтарды метрополиядан бөлек арнайы даярланған заңдар бойынша (1867, 1868)басқарды. Бұл заңдар қазақтарды ең негізгі құқықтарынан айырды, біртіндеп орыс тіліне, христиан дініне, салт-дәстүріне көшуге мәжбүрледі.Қазақ қоғамындағы барлық сословиелер (сұлтан, қожа, би т.б.) село тұрғындарына теңестірілді.Қазақ ауылында мешіт салу үшін генерал-губернатордың рұқсаты керек болса, шіркеулер тұрғызуға мемлекеттің өзі мүдделілік танытып,қолдау көрсетіп отырды.

1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша бұл реформалардың зардаптарын анықтаңыз.\жалғасы

- 1. Патша үкіметі қазақтардың дәстүрлі қоғамын күйретті. Болыстар мен уездерді құру кезінде рулық ерекшеліктер ескерілмеді.**
- 2. Қазақ даласын билеуге жіберілген генерал-губернаторларды патшаның өзі бекітті және ол шексіз билікті иеленді. Қазақтар оларды «жарым патша» деп атады.Сұлтан тобын басқару жүйесінің орта және жоғарғы буынынан толық ығыстырып шығару қазақ халқын құқық атаулыдан жұрдай тобырға айналдырды.Қазақтарға болыс, ауыл старшыны сияқты ең төменгі қызметтер тиді. Олардың уезд бастығы, әскери губернатор, генерал-губернатор сияқты жоғары лауазымды әкімшілік қызметтерге барар жолы заң жүзінде біржола жабылды.Төменгі биліктегі болыстардың сайланып қойылуы Қазақстанның бүкіл аумағын руаралық кескілескен қақтығыстар сахнасына айналдырып жіберді.Сайлауда дауысты сатып алу кең тарады және болашақ болыстар орыс үкіметіне жалтақтап, олардың қолшоқпарына айналды.**
- 3. Дәстүрлі билер сотының құқықтары елеулі түрде қысқартылып, тек төменгі буындағы жүйелерде қызмет етті, оның өзінде шектеулі түрде.**
- 4. Патша үкіметі заң тұрғысынан алғаш рет 1868 жылғы «Уақытша ережеде» қазақ жерін Ресей мемлекетінің меншігі деп жариялады, сөйтіп қазақ халқын жер пайдалану құқынан айырды Нәтижесінде, қазақ жерін көптеп тартып алып, құнарлы жерлер қоныс аударушыларға берілді. Қазақстанды Ресей экономикасының қосалқы арзан шикізат көзіне айналдырды.**
- 5. Жаңа міндеттер мен алым-салық түрлерінің еселеп енгізілуі қазақтардың материалдық жағдайын нашарлатып жіберді. Түтін салығы бұрынғы1 сом 50 тиыннан 3 сомға көтерілді.Әр түрлі қажеттерге жұмсау үшін «қара шығын» деп аталатын қосымша салық салынды.**

«Үш шапалақ»



БІЛІМ ЛАНД

У бөлім.19 ғасырдың соңындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы

**§36-37 XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы
әкімшілік реформалар**

1886 жылы 2 маусымда
"Түркістан өлкесін
басқару туралы
ереже"
қабылданды.



III АЛЕКСАНДР



Түркістан
генерал-губернаторлығы

Сырдария
облысы

Ташкент

Самарқан облысы Ферғана облысы

1891 жылы 25 наурызда
"Ақмола, Семей, Жетісу,
Орал, Торғай
облыстарын басқару
туралы ереже"
қабылданды.

ОМБЫ

АҚМОЛА СЕМЕЙ
Дала генерал-губернаторлығы

ЖЕТІСУ



1891 жылғы ереже бойынша қазақ жерінде құрылған генерал - губернаторлықтың құрамына кірген облыстарды картаға белгілеңіз.



“Балық қаңқасы”



Себебі: 1891 жылы 25 наурызда “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару” туралы Ереже қабылданды. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік-сот саласындағы өзгерістер 1886-1891 жылғы жарлықтарда заң жүзінде бекітілді. 17 баптан тұратын бұл 1891 жылғы заң отарлаушы әкімшілік пен жергілікті ақсүйек топтардың мүддесін қорғады.


Қорытынды

Түркістан өлкесінде үш облыс құрылды: Сырдария, Ферғана, Самарқан.

Негізгі басқару орталығы – Ташкент.

Дала генерал-губернаторлығының құрамына үш облыс кірді: Ақмола, Семей, Жетісу.

Негізгі әкімшілік орталығы – Омбы.



Дәлел: өзгерістер генерал-губернаторға шексіз билік берді.

Қазақстандағы облыстық басқару сатылары Ресейдің орталығындағы губерниялық басқармаларға теңестірілді. Жетісу және Орал облыстық әскери губернаторлары, сонымен қатар осы өңірдегі казак әскерінің үкімет тағайындаған атаманы болып есептелді. Верный, Орал, Петропавл, Семей сияқты ірі облыстық орталықтарда қалалық полиция басқармалары құрылды. Ал басты уездік қалаларда полицейлік приставтық тәртіп бақылау мекемелері құрылды. Сайланып қойылған болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын бекіту облыстық әскери губернатордың қолында болды.

“Балық қаңқасы”



Себебі: Генерал-губернаторларға шексіз өкілеттік билік берді. “Бөліп ал да, билей бер” деген империялық пиғыл іске асты.



Қорытынды: Кіші жүз қазақтарының жиі-жиі көтерілісі отаршылдық билікті күшейтуге алып келді.

Дәлел: Кіші жүз жері енді үш бөлікке бөлінді.

1. Ішкі Орда

2. Закаспий облысы

3. Дала генерал-губернаторлығының құрамына кірді

Білім Ланд \конспект бойынша сұрақтар

- Алтайдағы Асташево кен орнындағы қақтығыс салдары:
- Зайсандағы ереуілді басу үшін кен иесінің қолданған шарасы:
- Кен орындарындағы алғашқы бас көтеру болған жер:
- Өндіріс орындарын өз еркімен тастап кеткен жұмысшыларға қолданылатын жаза:
- Кен орындарында балалар еңбегі пайдалана бастаған уақыт:
- Алтын өнеркәсібіндегі 1893 жылғы әйелдер үлесі:
- Сырдария облысындағы уездер саны:
- 1891 жылғы Ереже бойынша Дала генерал-губернаторлығының әкімшілік орталығы:
- Полиция басқармалары қай жерлерде құрылды?
- 1891 жылғы Ереже бойынша кімге шексіз билік берілді?
- 1891 жылы 25 наурызда қабылданған Ереже:
- Кімнің рұқсатымен соттардың төтенше съезі шақырылды?
- “Түркістан өлкесін басқару және онда жер-салық өзгерістерін енгізу туралы” Ереже қашан бекітілді?

Венн диаграммасы

1867-1868 жж. «Уақытша ереже» мен 1886-1891жж. «Ережелердің» арасындағы өзгерістер.

1867-1868жж. реформалар «Уақытша» сипат алып, екі жылға тәжірибе ретінде енгізілді, бірақ заңды тұрғыдан бекітілмей, 80-90жылдарға дейін қолданылды. 1886-1891жж. «Ережелер» 1867-68жж. «Уақытша ережелерді» аздаған өзгерістермен заңды тұрғыда бекітті. Сондықтан, ереженің атауындағы «уақытша» сөзі алынып тасталды.

1. Аумақтық өзгерістер:

II Александр патша 1867ж. 11-шілде «Жетісу, Сырдария облыстарын басқару туралы, 1868ж.21-қазан «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережелер» жобасын бекітті. «Уақытша ережелер» бойынша Қазақстан жері үш генерал-губернаторлыққа бағындырылды. Олар- Батыс-Сібір, Орынбор, Түркістан. Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына – Ақмола, Семей, Орынбор генерал-губернаторлығына - Орал, Торғай, Түркістан генерал-губернаторлығына – Жетісу, Сырдария облыстары кірді.1870ж.Маңғыстау приставтығы -Кавказ әскери округына, ал 1872ж. Бөкей ордасы-Астрахан губерниясына қарады.

1886ж.2-маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» бекітілді. Ол бойынша үш генерал-губернаторлық қалды, бірақ Түркістан генерал-губернаторлығынан Жетісу облысы шығарылып,Батыс-Сібір ген-губ-на берілді. Түркістанға Ферғана, Самарқан облыстары еніп, енді үш облыстан тұрды. 1891ж. 25-наурызда «Ақмола, Семей,Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» бекітілді. Ол бойынша 1891ж. Орынбор мен Батыс-Сібір генерал губернаторлығы біріктіріліп, Дала генерал губернаторлығы деп аталды. 1891-1897жж. аралығында оның құрамында 5 облыс болды, ал 1897ж. Дала генерал губернаторлығынан Жетісу облысы шығарылып, қайтадан Түркістан генерал губернаторлығынаберілді. Нәтижесінде, 1897ж. екі генерал губернаторлық төрт облыстан тұратын болды. 1890жылғы «Закаспий облысын басқару туралы Уақытша ереже» бойынша Закаспий облысы 5 уезден тұрды: Мерв, Теджент, Ашхабад, Маңғыстау,Красноводск .

Венн диаграммасы

1867-1868 жж. «Уақытша ереже» мен 1886-1891жж. «Ережелердің» арасындағы өзгерістер.

1867-1868жж. реформалар «Уақытша» сипат алып, екі жылға тәжірибе ретінде енгізілді, бірақ заңды тұрғыдан бекітілмей, 80-90жылдарға дейін қолданылды. 1886-1891жж. «Ережелер» 1867-68жж. «Уақытша ережелерді» аздаған өзгерістермен заңды тұрғыда бекітті. Сондықтан, ереженің атауындағы «уақытша» сөзі алынып тасталды.

2. Басқарудағы өзгерістер:

1867-1868жж. басқару жүйесі өзгеріссіз қалды(генерал-губернаторлықтыгенерал-губернатор, облысты - әскери-губернатор, уездді- уезд бастығы, болысты-болыс, ауылды- ауыл старшыны басқарды).

1886-1891жж. ережелер бойынша генерал-губернаторлықтарды басқаратын генерал-губернаторлардың билігі күшейтіліп, дара билеушіге айналды. Яғни, шексіз билік берілді. Облыс орталықтарында- полицейлік басқармалар, уездік қалаларда –полицейлік приставтықтар сияқты тәртіп бақылау мекемелері құрылды. Отаршылдық билеудің күшейгені сонша, сайланған болыс пен ауыл старшынын бекіту не бекітпеу әскери губернатордың қолында болды. Егер ол сайлау нәтижесін бекітпей қайта сайлау жүргіземін деп шешсе, оған қарсы келе алмайтын еді. Отырықшы тұрғындар мен қоныс аударушылар құқығы жағынан Ресейдегі селонның және қаланың тұрғындарымен теңестірілді. Бұл, әрине қазақ жеріне сырттан көшіп келгендердің мәртебесін арттырды. Қазақ ақсүйектері барлық артықшылықтарынан айырылды.

Венн диаграммасы

1867-1868 жж. «Уақытша ереже» мен 1886-1891жж. «Ережелердің» арасындағы өзгерістер.

1867-1868жж. реформалар «Уақытша» сипат алып, екі жылға тәжірибе ретінде енгізілді, бірақ заңды тұрғыдан бекітілмей, 80-90жылдарға дейін қолданылды. 1886-1891жж. «Ережелер» 1867-68жж. «Уақытша ережелерді» аздаған өзгерістермен заңды тұрғыда бекітті. Сондықтан, ереженің атауындағы «уақытша» сөзі алынып тасталды.

3. Сот жүйесіндегі өзгерістер:

1867-1868жж. ережелер бойынша болыстық соттың үш буыны болған еді: билердің төтенше съезі, билердің болыстық соты, бидің жеке соты.

-Халық дәстүрі мен ислам қағидаларына сүйенген халық соты қатаң түрде билік орындарының бақылауында болды. Оның ішінде, христиан дініне қарсы әрекет, жаңа басқару жүйесіне наразылық таныту, алым-салық төлеуден және мемлекет үшін әртүрлі міндеткерліктер атқарудан бас тарту қылмыстары билер сотының қарауынан алынып, жергілікті отаршылдық биліктің күзіретіне берілді.

-Билердің төтенше съезі тек әскери губернатордың рұқсатымен шақырылды, ал сот процесі уезд бастығы немесе облыстық басқарма құқығына ие болған шенеунік қатысқан жағдайда ғана заңды болатын. Билер 3 жылға сайланды, олардың қызметі уездік начальник тарапынан қатаң бақыланып отырылды.

Венн диаграммасы

1867-1868 жж. «Уақытша ереже» мен 1886-1891жж. «Ережелердің» арасындағы өзгерістер.

1867-1868жж. реформалар «Уақытша» сипат алып, екі жылға тәжірибе ретінде енгізілді, бірақ заңды тұрғыдан бекітілмей, 80-90жылдарға дейін қолданылды. 1886-1891жж. «Ережелер» 1867-68жж. «Уақытша ережелерді» аздаған өзгерістермен заңды тұрғыда бекітті. Сондықтан, ереженің атауындағы «уақытша» сөзі алынып тасталды.

4. Салық жүйесіндегі өзгерістер:

1867-1868жж. реформалар бойынша қазақ халқы жылына бір рет «түтін салығын» төлейтін еді. Оның мөлшері: Орынбор, Батыс Сібір генерал губернаторлындағы қазақтар 3 сомнан, Түркістан генерал губернаторлығындағы қазақтар 2 сом 75 тиыннан төлеп келді. Шыңғыс ұрпақтары салықтан босатылды.

1886-1891жж. ережелер бойыша, түтін салығына земстволық алымдар қосылды. Олардың мөлшері жылдан-жылға өсіп отырды. Земстволық салық жергілікті әкімшілікті ұстауға, көпір, жол жөндеу мен дайындауға жұмсалды. Әрбір қазақ шаңырағы мынадай мөлшерде салық төлеп тұрды: түтін салығы- 4 сом, земство салығы -1 сом 25тиын, қоғамдық салықтар(жеке салықтар) -1 сом 25 тиын, мектептерге-50 тиын, барлығы -7 сомды құрады. Отырықшы аймақтарда жер салығы белгіленіп, жер өңдеуші салықты ақша түрінде күзде төлеуге тиіс болды.

1868(210-бап)және1886(270бап)- жылғы ереженің қазақтарға ең басты ауыртпалығы жер мәселесі болды. Онда қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланып, қазақтарға «қоғамдық пайдалануға» берілді.


Реформалардың мазмұны және салдары

ТЕСТ

Талапкер-2018жыл

“Тұлғаны таны”





An illustration of a spiral-bound notebook with a white cover and a green border. The notebook is open, showing two blank pages. On the left page, there is a cartoon illustration of a smiling sun with a face, a green vine with leaves, and two children. A boy with blonde hair, wearing a blue shirt and blue overalls, is holding a large red pencil. A girl with red hair, wearing a blue shirt and yellow pants, is standing next to him. A blue backpack with a smiling face is on the ground. The right page of the notebook is blank and contains the text. The background is a light green color with a white border.

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:
§14-15,34-35,36-37

8СЫНЫП
АТАМУҰРА-2016ЖЫЛ

ӨЗАРА БАҒАЛАУ



**КЕРІ
БАЙЛАНЫС
"МЕН" ЖӘНЕ**

Мен

**"Мен"өзімді "ІС"
"Мен"өзімді сабақ барысында қалай сезіндім?
Қандай көңіл-күйде жұмыс істеттім бе? Өз өзіме
ризамын ба?**

Іс

**Біз мақсатқа жеттік пе? Оқу материалы болашақта
қажет пе? Біз неден қиналдық?Бұл мәселені қалай
шешсек болады?**

**Сабақ
аяқталды.
Сау болыңдар!**



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

